



БҰЙРЫҚ

69-н/з 28.02.2025 жыл.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 69-н/з 28.02.2025 жыл.

город Астана

**Астана қаласы әкімдігінің «№98 мектеп-лицей» КММ
асханасынан азық-түлік тауарларының жекелеген
түрлерін сатуға тыйым салу туралы**

Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың 177-179-тармақтарына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ -16 бұйрығы), «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ 2025 жылғы 26 ақпандағы №107-01-12/354 хаты негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп асханасында рұқсат етілмесін:

1.1. өндіру және сатуға:

- қатық;
- сүзбе;
- айран;
- туралған ет қосылған құймақ;
- флотша макарон;
- зельцтер;
- форшмактар;
- сілікпелер;
- паштеттер;
- кремі бар кондитерлік өнімдер;
- тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілер (шоколад, кәмпит, печенье);
- морс;
- квас;
- фритюрде қуырылған өнімдер;
- шала пісірілген жұмыртқа;
- қуырылған жұмыртқа;
- күрделі (төрт компоненттен артық) салаттар;
- қаймақ пен майонез қосылған салаттар;
- окрошка;

- саңырауқұлақтар, өнеркәсіптік емес дайындалған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін;
- тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші тағамдар;
- емдік және емдік-асханалық минералдық суды;
- тәтті алкогольсіз сусындарды;
- алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды;
- диффузиялық қойылтылған шырындарды «қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда»;
- фастфудтар: гамбургерлер, хот-догтар, пиццалар, наггетстер, чипсілер («чипсондар»), дәмдік қоспалары бар тұздалған қытырлақ нанды, ащы тұздықтар, кетчуптар, ащы дәмдеуіштерді («бұрыш, акшелкек, қыша») дайындауға және өткізуге;

1.2. өндіру:

- тізбесі тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне қолданылатын, 021/2011 КО ТР техникалық регламентінің 8-бабында және Одақтың техникалық регламенттерінде айқындалған тамақ өнімін, осы Санитариялық қағидалардың 97-тармағында көрсетілген тамақ өнімін, пастерленбеген сүтті, термиялық өңделмеген сүзбені және қаймақты, йодталмаған тұзды және құрамында темир бар дәрумендермен, минералдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғары және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмесін.

1.3. білім беру объектілерінде тамақ өнімдерін автоматты түрде өткізуге арналған аппараттарды орнатуға және жаппай сауықтыру рәсімі ретінде оттегі коктейльдерін өткізуге тыйым салынсын.

1.4. мектепте келесі шаралар қабылдансын:

- санитарлық талаптарды мүлтіксіз сақтай отырып және білім беру ұйымдарында жоғарыда көрсетілген тамақ өнімдерін пайдалануға және өткізуге жол берілмесін:

- тәрбие жұмысының жоспарларына балалар мен ата-аналар арасында тамақтану мәдениеті, балаларға пайдалы тағам әдеттерін сіңіру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шаралары енгізілсін;

- мектепте бракераж комиссиясының жұмысы күшейтіліп және оқушылар арасында тамақтану мәдениетімен таныстыру жұмыстары жүргізілсін.

2. Осы асханасынан азық-түлік тауарларының жекелеген түрлерін сатуға тыйым салу туралы бұйрықпен жеткізуші тарап «Социум Пит» ЖШС таныстырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.А.Калиеваға жүктелсін.



Директор

[Handwritten signature]

Г.А.Оспанова